

**"Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 32 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 309 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 31 тамызда № 7887 тіркелді

«Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 32-бабы 3) тармақшасына с ә й к е с ,

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы № 32 бұйрығына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7445 болып тіркелген, 2012 жылғы 26 мамырдағы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған, № 269-273 (27347):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі ережеде:

65-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«65. Жекеше нотариустың мөрі осы Ережелерге 16-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жекеше нотариус мөрінің эскизіне сәйкес дайындалады.»;

Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда 16-1 қосымшамен толықтырылсын;

2. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 1999 жылғы 24 ақпанда бекітілген № 16 «Жекеше нотариустың мөрі туралы» бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 702 б о л ы п т і р к е л г е н ) .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің төрағасына жү к т е л с і н .

4. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*Б. Имашев*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ә д і л е т

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

3 1

т а м ы з д а ғ ы

№ 3 0 9

б ұ й р ы ғ ы н а

қосымша

Нотариаттық  
жөніндегі  
16-1 қосымша  
Жекеше  
мөрінің  
(қағаз нұсқасын кара)

іс  
ережеге

жүргізу

нотариустың  
эскизі



Размер шрифта 6 АиВ  
Диаметр креще 44мм



Жекеше  
жеке мөрінің сипаттамасы

нотариустың

1. Жекеше нотариустың мөрі (бұдан әрі – мөр) арнайы құралда дайындалады, оны дайындауға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келуі және жоғары сапалы дайындалуымен, жасандылықтан қорғалуымен, ұзақ мерзімділігімен және бояғыштарға төзімділігімен сипатталуы тиіс.

2. Мөрдің диаметрі 44 миллиметр болуы тиіс (бұдан әрі - мм).

3. Жекеше нотариустың мөрінің мәтіні «жекеше нотариус», нотариустың тегі, аты, әкесінің аты, сондай-ақ лицензияның нөмірі мен берген күні деген сөздерден тұрады. Жекеше нотариустың мөріндегі барлық жазбалардың мазмұны мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылады.

4. Мөрдің мәтінінде үш жиек және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

